



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 94 (8480) Сәрсенбі 28 қыркүйек 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

39 ЖОБА БОЙЫНША 203,0 МЛН.ТЕҢГЕ

БҰЛ ТУРАЛЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫ ОТЫРЫСЫНДА АЙТЫЛДЫ

М.МАНЕКЕЕВ,
"Ауыл жаңалығы".

ӨТКЕН БЕЙСЕНБІДЕ, АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІСТЕР ЗАЛЫНДА «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ БОЛЫП ӨТТІ. ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ РЫСКЕЛДІ САПАРБЕКОВТІҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІНДЕ ҮШ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ.

Алдымен «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасының аудан аумағында іске асырылуы және Ұлттық қордан бөлінген қаражаттың игерілуі туралы аудан әкімінің орынбасары Әзімхан Қылыбаев баяндама жасады. Әзімхан Қылыбайұлы өз баяндамасында бағдарлама шеңберінде Түймекент ауылында бой көтеріп, жаңа оқу жылында пайдалануға берілген 300 орындық орта мектептің құрылысы мен «Сарыкемер ауылының оңтүстік батыс бөлігіндегі 34 га тұрғын алқабын электрмен қамтамасыз ету және тас жол жабындысы көшелерінің құрылысын салу» нысандары құрылыс-монтаж жұмыстарының барысына тоқталды.

Күн тәртібіне шығарылған келесі мәселе - мемлекеттік бағдарламалар аясында ауданға бөлінген қаражаттың игерілуі барысы туралы аудан әкімдігі экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы, партия мүшесі Дулат Жақыпбеков баяндап берді.

Баяндамашы өз кезегінде ауыл шаруашылығы саласында бірқатар бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде айтып берді. Атап айтқанда, «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық», «Ырыс», «Өңірлерді дамыту», «Жұмыспен қамту - 2020 жол картасы» бағдарламалары мен «Өрлеу» жобасы аясында жүзеге асырылған жұмыстарға нақты тоқталып өтті. Сондай-ақ, осы бағдарлама шеңберінде аудан аумағындағы 18 ауылдық округте 39 жоба бойынша 203,0 млн. теңге ағымдағы айдың сегіз күні облыс әкімдігінің қаулысына сәйкес бөлінгенін, оның ішінде, білім беру объектілеріне орай, 5 жобаға 12 315,0 теңге, мәдениет ошақтары бойынша 1 жобаға 511,0 теңге, қалған 33 жобаға 190,1 млн. теңге жол жөндеу жұмыстарына жұмсалатынын жеткізді.

С 2018 года правительство намерено внедрять самостоятельные бюджеты местного самоуправления. Соответствующий проект закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты по вопросам развития местного самоуправления» презентовал в Мажилисе Парламента Республики Казахстан VI созыва исполняющий обязанности министра национальной экономики К. Бишимбаев.

Законопроектом предусматривается внедрение самостоятельного бюджета и коммунальной собственности местного самоуправления, расширение полномочий органов местного самоуправления в управлении бюджетным процессом и коммунальной собственностью.

В связи с этим акимат Сарыкемерского сельского округа района совместно с Общественным объединением «Ақбулак» проводит реализацию проекта «Вместе к активному будущему». Его задачей является оказание содействия активному участию общественности в местном самоуправлении.

С этой целью в актовом зале школы-гимназии



Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге қатысты аудан әкімдігі білім бөлімінің басшысы, партия мүшесі Дәмеш Усқумбаева сөзге шығып, аудан бойынша мектептердің 2016-2017 оқу жылына дайындық барысы туралы баяндама жасады.

Жаңа оқу жылында ауданда 80 білім беру ұйымдары жұмыс істейді. 2016-2017 оқу жылында аудан мектептерінде 18 217 оқушы білім алуда. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 974 оқушыға артық. Биылғы жылы 1-ші сыныпқа 2270 оқушы келсе, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 113 балаға артқан.

2016-2017 оқу жылына 1-сыныптың, 8-сыныптың оқулықтарына, 4-сыныптың ағылшын тілі, 9-сыныптың «Дінтану негіздері» оқулықтарына тапсырыс беріліп, баспалармен келісім-шарттар жасалған.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алуға және тасымалдауға 80 млн. 308 мың теңге қаржы қарастырылып, бүгінгі күнде қарастырылған қаржыға оқулықтар толығымен жеткізілген.

Өз сөзінде білім беру ұйымдарының қысқы жылыту маусымына дайындығы жөнінде нақты тоқталған Дәмеш Шайхықызы аудандағы 80 білім беру ұйымдарының 29-ы аймақтық қазандықтар арқылы, 51-і жай пештермен жылытылатынын айтты. Қазандықтардың 14-і қатты отынға, 14-і көгілдір отынға,

1-і сұйық отынға, 51 жай пештермен жылытылатын білім ұйымдарының 24-і көгілдір отынға, 27-і қатты отынға қосылған екен.

Қысқы жылыту маусымына дайындау мақсатында жергілікті бюджеттен мектептерге бөлінген 3000 тонна қатты отынға 37 млн. 798 мың 354 теңге қарастырылып, қазіргі таңда қарастырылған қатты отын толығымен жеткізілген. Балабақшаларға 785 тонна қатты отын сатып алуға 9 млн. 492 мың теңге қарастырылып, толығымен жеткізіліпті. Қазіргі күнде білім беру ұйымдарының 78-ы (97,5%) қысқы жылыту маусымына дайын. Қалған 2 мекеменің қосалқы қазандықтары жылу маусымына дейін дайын болады деп күтілуде.

«Жұмыспен қамту - 2020 жол картасы» бағдарламасының 1-бағыты аясында Үлгілі ауылындағы Үлгілі орта мектебінің ғимаратына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу, Сарыкемер ауылындағы Қазақстанның 40 жылдығы және Н.Кіикбаев атындағы орта мектептердің ішінара күрделі жөндеу жұмыстары туралы да сөз болды.

Қабылдап алу жұмыстары бойынша мердігерлер тарапынан декларациялар өткізіліп, алу-қосу жұмыстарының құжаттары



мен авторлық қадағалаушы мен техникалық қадағалаушы тарапынан қорытындылар жасалуда екен.

Отырыс соңында оған қатысушылар тарапынан баяндамашыларға сұрақтар қойылып, оның әрбіріне нақты жауаптар берілген соң Партиялық бақылау комиссиясы отырысының Қаулысы қабылданды.

НА ПУЛЬСЕ ВРЕМЕНИ



имени Г.Муратбаева прошёл тренинг на тему: «Участие местных сообществ и лидеров инициативных групп в выполнении закона «О местном самоуправлении».

На него были приглашены: члены общественного совета при Сарыкемерском сельском округе, депутаты районного маслихата, представители отдела внутренней политики акимата района и исполнители проекта от ОО «АКБУЛАК».

На тему: «О роли и функций членов Общественного совета местного самоуправления» выступил заместитель акима Сарыкемерского сельского округа Д.Тажибай. Он говорил о необходимости расширения финансовой и экономической самостоятельности органов местного самоуправления в решении актуальных вопросов местного значения, а также расширения возможности граждан участвовать в процессе принятия решений через развитие местного самоуправления. Затем руководитель проекта Н.Рахмиева рассказала о целях и задачах проекта.

Сказала о том, что тренинг проводится с целью разъяснения форм и методов работы членов общественного Совета в соответствии с законом «О местном самоуправлении».

В завершение тренинга шло интерактивное обсуждение членами общественного совета роли и практических дел комиссии, обобщение предложений, прошло анкетирование и сбор отзывов участников тренинга.

НАШ корр.



Ауыл

ТЫНЫСЫ

САРЫКЕМЕР

АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Ақтөбе қаласында КСРО-нің спорт шебері, ҚР Құрметті спорт қайраткері Мұрат Есенжоловты және ұлағатты ұстаз, ағажаттықтырушы Мәулен Көпесовты еске алуға арналған 2001-2002-2003-2004 жылы туылған жасөспірімдер арасында грек-рим күресінен республикалық ашық турнир өткен болатын. Аталмыш жарысқа біздің ауданнан қатысып қайтқан №3 Байзақ колледжі ФШ-2-16 тобының білімгері Оспанов Айтқали жүлделі ІІ орынды қанжығасына байлап, мерейімізді үстем етті.

БӘЙТЕРЕК

АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Ю.Гагарин атындағы орта мектепте «Отбасы - бақыт мекені» тақырыбында мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары ынтымақты отбасының бала болашағына тигізер ықпалын қағазға түсіріп, қабырға газеттерін шығарса, «Бақытты шаңырақ-бақытты ел» спорттық шарасы да барынша қызғылықты өтті. Сайыстың бас жүлдесін ең белсенді С.Аманжоловтар жанұясы жеңіп алды. Қалған жүлделі орындарды С.Муринов, А.Тынысұлан, Д.Эльмуратовтар отбасылары өзара бөлісті. И.Ильясов, Ж.Кенжебаев, М.Бердібаев, А.Турманов отбасылары мақтау қағаздарымен марапатталды.

Сарыкемер орта мектебінің ұстаздары А.Мералиева, А.Молдатаев, Н.Байбашаев, Т.Есимовтардың ұйытқы болуымен оқушылар арасында эстафеталық «Толағай» жарысы ұйымдастырылды. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2030 Стратегиясында көрсетілген салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау мақсатында өткен жарыста 9-сынып оқушылары «Өнер», «Доппен жарыс», «Сақинамен жарыс», «Тапқыр», «Кім жылдам?», «Таракан», «Кім мықты?», «Қара жәшік» сындарында ептіліктері мен тапқырлықтарын байқатты. Ең мықты топты мектеп директоры М.Наметқұлов құттықтап, Алғыс хатпен марапаттады.

ҮЛГІЛІ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Қазақстан Халықтарының тілдері мерекесіне орай Үлгілі ауылдық кітапханасында «Нұр Отан» партиясы бастауыш ұйымының жетекшілігімен «Тіл тағдыры - ел тағдыры» атты кеш өткірілді. Кешке Үлгілі ауылының ақсақалы М.Алдабеков қатысып, ана тілінің қадір-қасиеті туралы айтып, қазақ тілін қастерлеу- басты парыз екендігін еңгімеледі. Үлгілі ауылдық кітапханасының меңгерушісі А.Саршаева кітап оқудың тиімділігіне тоқталды. Кеште оқушылар түрлі тапсырмаларды орындады. «Мақал - сөздің мәйегі», «Кім жылдам?» «Ақындар өлеңдері» сынды бөлімдерде ана тіліміз - қазақ тілінің бай да кең мұрасы жан-жақты түсіндірілді. Кеш Ә.Тінішевтің «Ананың тілі» өнімен тәмамдалды.

ЖАҢАТҰРМЫС

АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Амангелді орта мектебінде аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің мұрындық болуымен «Ислам дінінде экстремизм мен терроризмге жол жоқ» тақырыбында ауыл тұрғындарымен кездесу ұйымдастырылды. Оған арнайы келіп, қатысқан Жамбыл облысы «Дін проблемаларын зерттеу орталығының» маманы Қырғызбай Бағлан ислам діні, оның басты ұстанымдары, экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдары жөнінде сөз қозғады. Ал ауылдағы «Қалмұрат баба» мешітінің имамы Б.Сағымбаев ата дініміздің ережелерін сақтай отырып бала тәрбиелеу, жастарымызды жат діннен аулақ ұстау жайын тілге тиек етті. Көпшіліктің көкейінде жүрген сұрақтарына жауап берді.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2011 ЖЫЛҒЫ 20 ҚАЗАҢДАҒЫ №164 ЖАРЛЫҒЫМЕН 30 ҚЫРКҮЙЕК - ӘДІЛЕТ ОРҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ БОЛЫП БЕКІТІЛГЕНІ БЕЛГІЛІ. БҮГІНГІ ТАҢДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ОРҒАНДАРЫ ОРАСАН КӨП ҚЫЗМЕТІ МЕХАНИЗМ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, ОҒАН МАҢЫЗДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МІНДЕТТЕРДІҢ КЕҢ ШЕҢБЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖҮКТЕЛГЕН. АТАЛМЫШ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА БАЙЗАҚ АУДАНДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ТОЙШЫБЕКОВ ШАХМАРАН ӘБДІКЕРІМУЛЫМЕН СҰХБАТТАСУДЫҢ СӨТІ ТҮСКЕН БОЛАТЫН.

-Шахмаран Әбдікерімұлы, 30 қыркүйек - Қазақстан Республикасының Әділет органдары қызметкерлерінің төл мерекесі және Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы құтты болсын!

-Рахмет. Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы №3827 «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Жарлығына 2011 жылы 20 қазанда №164 Жарлығымен өзгерістер енгізілген болатын. Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер тізбесінің 24 тармағына сәйкес, 30 қыркүйек-Әділет органдары қызметкерлерінің күні болып белгіленді. Сонымен бірге, үстіміздегі жылы ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығын тойлағалы отырмыз. Қазақстан Республикасының халқына арнаған Жолдауында Елбасы: «Біздің ең басты мақсатымыз - 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру. Бізде ол үшін мүмкіншілік те, ресурс та, білімді адамдар да, берекелі халық та бар», - екенін атап өтті. Бағдар берілді, жоспар жасалған, енді тек қуатты еңбек ету ғана қалып отыр.

-Алғашқы сауалды Әділет басқармасының негізгі міндеттері мен атқаратын қызметтерінен бастасак?

-Әділет органы Қазақстан тарихында мемлекетіміздің сенімді тірегі және Отанымыздың маңызды буыны болып саналады. Орган өз қызметі шегінде мемлекеттік қызметін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың лауазымды адамдар мен қарапайым адамдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін атқарушы билік өкілі.

Басқарма міндеттерінің басты бағыты — мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі мемлекеттік саясаттың Қазақстан азаматтары үшін мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет көрсету процедурасын неғұрлым жеңілдету, жемқорлықты жою болып табылады.

Аудандық Әділет басқармасының атқаратын қызмет түрлеріне тоқталып өтсек, мемлекеттік тіркеу саласында заңды тұлғаларды және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізу, зияткерлік меншік құқығын қорғау, құқықтық түсіндіру және аудан тұрғындарына заң аясында қызмет көрсетумен айналысады



Зангерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру саласында аудандық деңгейдегі жергілікті мемлекеттік органдардың зангерлік қызметтерімен өзара байланысты жүргізу, қолданыстағы заңнаманы түсіндіруге қатысу, құқықтық насихатты ұйымдастыруды үйлестіру, терроризм актісінің салдарынан зардап шеккен жеке және заңды тұлғаларға және оның жолын кесуіге қатысқан адамдар туралы мәліметтерді құқық қорғау органдарына дер кезінде хабарлап отырады.

Зияткерлік меншік құқықтарын қамтамасыз ету саласында Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы сақтау тұрғысында тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын, тауардың шыққан орнының атауын немесе фирмалық атауын қолдану мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғаларға тексерулерді жүзеге асырады. Сонымен қатар, әкімшілік іс жүргізу саласында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін өз қызметі шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарайды.

-Өзіңіз басқарып отырған Әділет басқармасы тарапынан атқарылған жұмыстар жөнінде қысқаша айтып өтсеңіз?

-Байзақ аудандық әділет басқармасымен 2016 жылдың 9 айында бірқатар жұмыстар атқарылды деп айтуға болады. Атап айтқанда, заңды тұлғаларды тіркеу саласы бойынша Әділет басқармасымен жалпы 32 заңды тұлға тіркелген. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу саласы бойынша осы жылдың тоғыз айында жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне сәйкес 2300 жылжымайтын мүлік объектілеріне қатысты тіркеу жүргізілсе, 800 өтініш электронды түрде тіркелді. Соның ішінде, 300 өтініш мүлкті жария ету мақсатында «Қазақстан Республикасында тұрғын үй қажеті бар адамдарға, олардың мүлкі жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» 2014 жылғы 30 маусымдағы Заңға сәйкес мемлекеттік тіркеуден өтті. Зияткерлік меншік құқықтары саласы бойынша Қазақстан Республикасының «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» жаңартылған 1999 жылғы 26 шілдедегі N 456 Заңының талаптарын сақталуын қамтамасыз ету

мақсатында, аудандық Әділет басқармасының зияткерлік меншік құқықтары саласы бойынша контрафактілік өнімдердің санын төмендетуге, өз қызметінде зияткерлік меншік объектілерімен пайдаланатын заңды және жеке тұлғаларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Байзақ ауданында құқықтық түсіндіру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі жұмыстарын жандандыру мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Осы бағытта басқарма қызметкерлерімен 77 семинар, дәріс, 9 мәрте дөңгелек үстел, 9 рет «Әділет кеңес береді» тақырыбындағы акция өткізілді. Сондай-ақ, жергілікті басшыларда 19 мақала жарияланды.

-Қазір құқықтық сауаттылық төмендігінен зардап шегетіндер аз емес. Оларға қандай көмек бере аласыздар?

-Еліміздің кез келген азаматы Қазақстан Республикасының негізгі заңдарын білуі тиіс, тіпті, міндетті. Ал, ол үшін өскелең ұрпаққа заңдарды білуді, құрметтеуді мектеп табалдырығынан бастап сіңіре білген жөн. Заңды білсең құқығыңды қорғай аласың. Заңды білсең өзгенің құқығын таптамайсың. 2011 жылдың соңынан бастап Әділет министрлігі «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесін іске қосқан. Аталған жүйе Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің жүйелендірілген қазақ және орыс тілдеріндегі толық деректер базасы болып табылады. Ең бастысы, жүйе-қарапайым халық үшін қолжетімді әрі тегін. Бұдан бөлек, басқарманың медиа жоспарына сәйкес, басқарма қызметкерлері ай сайын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Заңдарға түсіндірме беріп отырады.

Әділет органдарының алдына қойылған міндеттерді нәтижелі үйлестіруді жүзеге асыру үшін ауданның Әділет басқармасы жанынан Үйлестіру кеңесі құрылған атап өткім келеді. Бұдан бөлек, «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалымен ай сайын қоғамдық қабылдау өткізілуі, нотариустар мен адвокаттардың қатысуымен кездесулер ұйымдастыруы, ауылдық округтерде, еңбек ұжымдарында, оқу орындарында кездесулер өткізіп халыққа құқықтық көмектер көрсетіп, заңнамалық кеңестер беруі қызметкерлердің ауданның қоғамдық өмірінен тыс қалмайтыны деп есептеймін.

Басқарманың ғимаратында халыққа түсінікті етіп жазылған түрлі ақпараттар, өтініш үлгілері, сенім телефондар көрсетілген ақпарат орын алған. Сонымен қатар, күнделікті мамандар тарапынан телефон арқылы кеңестер беріледі. Кез келген азамат өз сұрағына 119 немесе 2-23-42 нөмірлері арқылы жауап ала алады.

-Сұхбатыңыз үшін алғысымызды айта отырып, алдағы еңбектеріңізде де тек қана жетістіктер мен сәттілік тілейміз!

-Рахмет, қарапайым халықтың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін атқарушы орган саналатындықтан, мамандарымыз барлық күш-жігерін білімі мен тәжірибесін кәсіби қызметіне жұмсап, еліне адал әрі қалыңсыз қызмет етеді және қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтайды деп сенім білдіремін.

Сұхбатты жүргізген: М.Манекеев.



Роботтар баи

Бұрын адамның көптігімен әртүрлі билердің орындалғанын естіп таңқалушы едік, ал, қазіргі таңда озық үлгіде жасалынған роботтардың мыңдаған саны біркелкі билеп-жатыр. Қайда дейсіз гой?...

Қытайдың Шаньдун провинциясындағы ғалымдардың басына түскен ой өз нәтижесін берді. Бір минутта 1007 роботтың синхронды биі әлемдегі ең көп күлтемірдің рекордын орнатты.

Биіктігі 43,8 сантиметрлік кішкентай күлтемірлер ұялы телефон арқылы басқарылған. Бір минутқа созылған керемет көрініске әлем жұртшылығы шынымен де таңқалуда. Бұған дейін де бір уақытта синхронды билеген роботтар саны бойынша әлемдік рекорд осы Қытай елінде тіркелген еді. Ол кезде «UBTECH» корпорациясының ойлап шығарған техникасының саны 540 дана болған.

Кітап оқу пайдалы

Кітап оқу қашанда пайдалы екен. Америкалық ғалымдардың соңғы зерттеуі кітап оқу адам өмірін ұзартатынын көрсетті. Олар әдебиетке деген сүйіспеншілік адамның зияткерлік деңгейіне оң әсер етіп қана қоймай, оның өмірін де ұзартатынын алға тартып отыр.

Йель университетінің қызметкерлері көп жылдық зерттеу жүргізді, нәтижесінде көп оқитын адамдар кітап оқымайтындарға қарағанда, орташа екі жыл артық өмір сүретінін көрсеткен.

Экспериментке шамамен 50 жас шамасындағы 3500 адам қатысқан. Олар кітап оқуға уақыт бөлуіне қарай үш топқа бөлінген. Ғалымдар олардың денсаулығын 12 жыл бақылаған. Нәтижесінде, эксперимент соңында кітапты сүйіп оқитындар арасында өлім-жітім деңгейі 23 пайызға төмен болып шыққанын айтып отыр. Айтқандай, кітапты сүйіп оқитындар білімі де, табысы да жоғары әйелдер қауымы болып табылады.

Ауа райын болжайтын ҚОПШАТЫР

Күнделікті үйден шықпас бұрын көбімізді «бүгін ауа-райы қандай болады екен, жауын жауар ма екен?» деген сұрақ мазалайтыны анық. Естімеген елде көп, Жапониядағы компаниялардың бірі күн райын болжап беретін «ақылды» қолшатыр ойлап тауыпты.

«Jonas» деп аталатын бұл инновациялық өнім арнайы бағдарлама арқылы смартфонға қосыла алады. Бұл қолшатырдың көмегімен тек ауа райы туралы біліп қана қоймай, телефонды болмеде жатқан жерінен тауып ала аласыз. Тек қолшатырды сілкілесеңіз болды смартфонның вибрациясы өзіңізге іске қосылады. Қолшатыр батареялардың көмегімен жұмыс жасайды.

Жазасын өтеушінің жомарттығы

Жомарттық деп осыны айт. Монғолияда №429 түзету мекемесінде жазасын өтеп жатқан Артаг Томорбаатар есімді сотталушы өзінің айлық жалақыларын балаларға беруге шешім қабылдапты.

Ол мемлекетке келтірген шығынын өтеу үшін түзету колониясында сыпырушы болып жұмыс істейді екен. Бірақ, ол бұдан алатын ақшасының аздығына қарамастан, төлемнен қалғандарын түгелдей балалар үйіне аударып тұрады. «Мен 2013 жылдың 24 қарашасынан бері жазамды өтеп жатырмын. Осы уақытта 110 мың түгрік ақша жинадым. Енді, соны нәрестелерді емдеу үшін балалар үйіне аударуды сұраймын» дейді жомарт жазасын өтеуші.

63 жастағы АНА

Ана атану әрбір әйел үшін үлкен бақыт. Балалы болу үшін нәзікжандылар не істемейді дейсің? Австралияның Тасмания аралында тұратын 63 жастағы қарт әйел дүниеге өзінің бірінші баласын әкелді. Ол осы күнге дейін балалы болуды армандапты және сол жолда барлық ем-домды алған көрінеді. Осыныша жасқа келіп «жас ана» атанып отырған әйелдің шаранасы 34 апталығында ішті жару жолымен алыныпты. Ең қызығы баланың әкесі 78 жаста екен.

Әртүрлі басылымдардан алынды.

В РАМКАХ «АСТАНА ЭКСПО-2017» ПРОЙДУТ ВЕЧЕРА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО БОКСА И КОНВЕНЦИЯ WBC



Пятисторонний меморандум о сотрудничестве в сфере профессионального бокса подписан между АО «НК «Астана ЭКСПО-2017», Акиматом города Астаны, Общественным Объединением «Казахстанская республиканская федерация бокса, WorldBoxingCouncil и TOO «DiamondRingPromotions».

Целью данного меморандума является установление партнерских отношений и развитие долгосрочного, эффективного и взаимовыгодного сотрудничества вышеуказанных организаций, направленного на проведение мероприятий в сфере профессионального бокса, включая проведение 55 юбилейной Конвенции WorldBoxingCouncil, и вечера профессионального бокса в сентябре 2017 года в городе Астане. Все эти мероприятия пройдут во время выставки «Астана ЭКСПО-2017» и направлены на привлечение внимания общественности и интерес во время этого масштабного события.

«ЭКСПО-2017» — это очень сильное мировое событие, которое будет проводится в столице Казахстана. В рамках проведения выставки готовится много крупных мероприятий, в том числе международного мирового формата. Считаю, что этот меморандум займёт своё особое место в комплексе мероприятий, готовящихся к «ЭКСПО-2017», — отметил заместитель акима города Астаны Ермек Аманшаев.

«От Всемирного боксёрского совета я очень рада, что в ходе проведения «ЭКСПО-2017» пройдёт юбилейная Конвенция WorldBoxingCouncil (WBC), в которой примут участие делегаты из более 165 стран мира, смогут посетить великодушную столицу Казахстана и восхититься её величием», — выразила своё мнение специальный советник Президента WBC Оксана Семенишина.

Международная специализированная выставка прошла в городе Астане с 10 июня по 10 сентября 2017 года, в ходе которой в рамках подписанного меморандума проведена 55 юбилейная Конвенция WorldBoxingCouncil и вечер профессионального бокса с участием таких именитых боксёров, как Майк Тайсон, Геннадий Головкин и др.

АО «НК «Астана ЭКСПО-2017» создано 15 января 2013 года с целью подготовки и проведения Международной специализированной выставки «ЭКСПО-2017».

За дополнительной информацией обращаться в Департамент по связям с общественностью - тел.: +7(7172)938765, e-mail: pr@expo2017astana.com, www.expo2017astana.com.

«ЕҢ ҮЗДІК БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ» БАЙҚАУЫНДА

ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢГЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ

М.ШАЛҒЫНБАЙ,
«Ауыл жаңалығы».

Өткен жылы «Нұр Отан» партиясы бастауыш ұйымдарының жылына орай, олардың ролін арттыру, белсенділігін дамыту мақсатында республикалық

«Ең үздік бастауыш партия ұйымы» байқауы жарияланғаны көпшілікке мәлім. Аталмыш байқау биыл да өз жалғасын тапты.

Өткен аптада «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимаратында «Үздік бастауыш партия ұйымы» байқауының іріктеу кезеңі болып өтті.

Аудандық партия филиалының «Үздік бастауыш партия ұйымы» байқауының іріктеу отырысына облыстық партия филиалы ұйымдастыру-бақылау бөлімінің инспекторы Қ.Тлеуов, саяси кеңестің бюро мүшесі С.Калмұратов, саяси кеңес мүшесі Ә.Сакқұлова, аудандық маслихаттағы депутаттық фракцияның мүшесі А.Жамшижанов, партия ардагері М.Баянова, бастауыш партия ұйымының төрағалары мен төрайымдары, партия белсенділері және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Байқаудың мақсаты үздік бастауыш партия ұйымын анықтау, олардың жұмыс тәжірибесін елдің барлық аймақтарында тарату, партиялық және сайланбалы қызметтерге ұсыну мақсатында білікті және белсенді бастауыш партия ұйымдары төрағаларынан (төрайымдары) партиялық кадрлардың резервін қалыптастыру және партия жұмысына қоғамдастықтың назарын аудару болып табылады.

Аталмыш іріктеу байқауын «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ш.Байтақова ашып, жүргізіп отырды. «Үздік бастауыш партия ұйымы» байқауының ережесіне сәйкес,

аудандық партия филиалында арнайы комиссия құрылып, барлық бастауыш партия ұйымдарының төраға-төрайымдарына байқау ережесі мен талаптары



толықтай түсіндірілді.

Комиссия мүшелері байқауға қатысуға ұсыным берген бастауыш партия ұйымдарының орналасқан жерлерінің безендірілуі мен ішкі партиялық жұмыстарымен танысып, байқаудың іріктеу критерийлеріне сәйкес, өткізген құжаттарына сараптама жүргізді. Байқауға қатысушы бастауыш партия ұйымдары өз жұмыстарын слайдтар арқылы таныстырды.

Арнайы құрылған комиссия мүшелері «Үздік бастауыш партия ұйымы» байқауының ережесіне, партиялық жообаларды іске асыруы, ішкіпартиялық жұмыстары, жаңа әдістерді пайдалануы, азаматтық бастамаларды іске асыруы, бастауыш партия ұйымы қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы, жастармен жұмысы, бастауыш партия ұйымы жетекшісін бағалау әдістемесіне сәйкес жеті бағыт бойынша жұмыс жүргізіп, байқауға қатысуға ұсыным білдірген бастауыш партия ұйымдары арасынан жеңімпазды анықтады. Сонымен, комиссия мүшелерінің қабылдаған шешімімен мүше саны 100-ге дейінгі «Қостөбе», мүше саны 500-ге дейінгі «Бұрыл», мүше саны 500 және одан астам партия мүшесі бар "Дана" бастауыш партия ұйымдары облыстық екінші кезең байқауына жолдама алды.

“ЧТО НАМ СТОИТ, ДОМ ПОСТРОИТЬ”

Б. ТЕЛЕУ,
прокурор Байзақского района,
старший советник юстиции.

7 апреля 2016 года принят Закон Республики Казахстан «О долевом участии в жилищном строительстве».

Основная цель принятия данного Закона - создание безопасных условий для дольщиков, повышение контроля и конкуренции на рынке среди строительных компаний, занятых в сфере долевого жилищного строительства.

Новшеством является создание Фонда гарантированного страхования вкладов дольщиков, куда государство намеревается выделить 15 млрд. тенге.

Предусматривается 3 способа участия в долевом жилищном строительстве. Ими являются, перво-наперво, гарантирование долевых вкладов, второе- проектное финансирование банком второго уровня и третье- возведение «каркаса» жилого здания за счёт собственных средств.

По первому способу застройщик должен иметь опыт работы не менее трёх лет со строительством жилых зданий не менее 18 тыс. кв.м в городах республиканского значения, столице и не менее 9 тыс. кв.м - при строительстве в регионах, безубыточную деятельность за последние два финансовых года, а также иметь соотношение заёмного и собственного капитала не более семи. Для этого, застройщик создаёт уполномоченную компанию, в уставный капитал которой вносит земельный участок, проектно-сметную документацию, средства или незавершённое строительство в размере 10% и 15% от проектной стоимости. В случае неисполнения обязательств по строительству дома, создаваемый Фонд гарантирования жилищного строительства при АО «НУХ «Байтерек» гарантирует завершение строительства и передачу дольщикам квартир.

По второму способу финансирование долевого строительства организуется застройщиком с привлечением кредита в банке второго уровня на необходимую сумму. Для участия в таком способе необходимы такие же требования, которые описаны выше. Банк сам будет осуществлять отбор застройщиков. После прохождения всех процедур застройщик и уполномоченная компания обращаются в местный исполнительный орган для получения разрешения на привлечение средств дольщиков.

Будет функционировать инжиниринговая компания, которая будет также осуществлять мониторинг за ходом строительства жилого дома (жилого здания) и контроль за целевым использованием денег, направленных на строительство жилого дома (жилого здания);

Эта и инжиниринговая компания будут контролировать и подтверждать объём выполненных работ, на проведение которых банк выделил денежные средства.

По третьему способу деньги дольщиков привлекаются после возведения «каркаса» жилого здания за счёт собственных средств застройщика и уполномоченной компании.

На местные исполнительные органы областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного значения в сфере долевого участия в жилищном строительстве также возлагается осуществление государственного регулирования деятельности участников строительства объектов долевого участия в жилищном строительстве, выдача разрешения на привлечение денег дольщиков, ведение их учёта. Они имеют право запрашивать у застройщиков, уполномоченных компаний, инжиниринговых компаний и Фонда гарантирования необходимые материалы и документы для осуществления мониторинга за ходом строительства объектов долевого участия, осуществлять государственный контроль и надзор в сфере долевого участия в жилищном строительстве и др.

Этим Законом определены обязанности и права также самих дольщиков - ст.14 данного Закона.

В целом, указанный Закон принят на основе анализа имеющегося опыта, ошибок и достижений с 2006 года, когда был принят первый закон о долевом участии в жилищном строительстве. Если старый Закон содержал в себе 20 статей, то в новом Законе их количество увеличилось до 42. Этот Закон стал более регламентирован, содержателен и ответственен.

Надеюсь, этот Закон даст новый импульс в развитии жилищного строительства и расширении числа дольщиков.

ИСЛАМНЫҢ БАСТЫ КІТАБЫ - ҚҰРАН

Т. ОСПАНОВ,
“Бейшен” мешітінің имамы.
Қызыл жұлдыз ауылы.

Алла тағаланың хақ діні исламның екі қайнар көзі бар: бірі – қасиетті Құран Кәрім, екіншісі-пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистері мен сүннет жолы (өнегелі өмірі).

Құран Кәрім адамның барлық рухани және материалдық қажеттіліктерін қамти отырып, екі дүние нығметтерін үйрететін ғылым, адам баласына қияметке дейін тура жолды көрсетеді. Мұнымен қатар Алла тағала қасиетті Құранда адамның қоғамдағы орны, оның өмір сүруі, тіршілігінің мәнін нақтылап, барлық сауалдарына жауап берген.

XIV ғасырдан бері адам баласын ізгілік пен қайырымдылыққа, ынтымақ пен бірлікке шақырып келе жатқан ислам діні негізінен өмірді ұлықтап, адамдарды қадірлеуге үндейді. Сондықтан әлемнің небір ойшылдары мен ғұламалары ислам дінін қабылдап, Құранның сүресін терең зерделеп, сол бойынша өмір сүруге талпынған. Француз жазушысы Гастонер: «Ислам-дүниенің ұйтқысы болған дін. Бұл діннің қайнар көзі-Құран. Ал Құран-әлем мәдениетінің негізгі іргетасы. Егер мұсылмандық жер жүзінен құрып, мүлде жойылар болса, бүкіл дүние шайқалып, оның негізі-іргетасы күйреген болар еді, депті.

Шындығында да Құран Кәрімді оқып отырсаңыз адам баласына Алланың берген сансыз нығметін сезінесіз.

Құран «сүре» деп аталатын ұзындығы әртүрлі 114 бөліктен тұрады. Өз кезегінде бұл сүрелер түсу мерзіміне байланысты меккелік сүре және мединалік сүре деп екіге бөлінеді. Меккелік сүре дегеніміз Мұхаммед пайғамбардың нұжрасына дейін аян етілген сүрелер, ал мединалік дегеніміз оның Медине қаласына қоныс аударуынан кейін түскен сүрелер.

Құранды оқу, оның мән-мағынасы түсінудің маңызы зор. Құранның артықшылықтары мен үйренудің сауабы турасында көптеген хадистер келген.

«Кімде-кім Аллаһтың кітабынан бір әріп оқыса, оған жақсылық жазылып, ол жақсылық он есе көбейеді. «Сунан әт-Тирмизи».

Құран тек қана өмір мен тыйымдардың жиынтығынан тұрмайды, ол сонымен қатар тіршілікке кездесетін қиындықтарды сабырмен жеңуге, адамдарға жақсылық жасауға, адамның жан дүниесі мен болмысын тәрбиелеудің құралы.

Құран-Он сегіз мың ғаламның Жаратушысы Алла тағалаға құл болуға шақыратын әрі екі дүниенің бақытына бөлейтін, Алла тағаланың тарапынан түсірілген кітап. Сондықтан Хақ тағаланың адамзатқа жіберген ақырғы кітабы-Құранды жиі оқып, Алланың нығметтеріне шүкіршілік айту, алдымызға саликалы мақсат қойып, жалпы қай дінде болсын, өзара мәмілемен бейбіт қатар өмір сүруге міндеттейді. Ендеше, асыл дініміздің тәрбиелі қағидаларын ұстана отырып, тәуелсіз еліміздегі дінаралық татулық пен өзара келісімді сақтап, ата дініміздің құндылықтарын қастерлейік.

ТІЛ – ДОСТЫҚТЫҢ АЙНАСЫ

Г. ЖАРЫЛҚАСЫНОВА,
«Тілдерді оқыту орталығы»
Байзақ аудандық бөлімшесінің
оқытушысы.

1998 жылы Елбасының Жарлығымен 22 қыркүйек -Қазақстан халықтарының тілдері күні болып белгіленді. Аталмыш мереке қазақ жерін мекендеген сан ұлт өкілдерінің татулығы мен бірлігін ұлықтап қана қоймай, тілдері мен салт-дәстүрлерін қастерлеуге жол ашады. Айтулы мерекеге орай «Тілдерді оқыту орталығы» Байзақ аудандық бөлімшесінде «Тіл-достықтың айнасы» тақырыбында апталық өтті. Бөлімше оқытушыларының ұйымдастыруымен өткерілген «Тіл-біздің тұтастығымыз» атты дөңгелек үстелде “Біз не үшін қазақ тілін үйреніп жатырмыз?”, “Жұмыста қазақ тілін қолданасыздар ма?”, “Біздің ауданымызда қазақ тілінің мәртебесі қандай деңгейде деп ойлайсыздар?” секілді сауалдар талқыланып, оқытушы Г. Жарылқасинованың жетекшілігімен «Астана» балабақшасының тыңдаушыларымен «Дәл языков народа Казахстана» атты ашық сабақ өткізілді. Тілге қатысты өлеңдер оқылып, сөзжұмбақтар құрастырылды. Сөздерді дұрыс оқу жайы да сөз болды.

Ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру,

САУАБЫ МОП ІС

Қарттарын қадірлеген халықтың біріміз. Көпті көрген аға буын өкілдері мен қамқорлықты қажет ететін мүмкіндігі шектеулі балаларға қуаныш сыйлағанға не жетсін.

Түймекент ауылдық округінде қарттардың Халықаралық күні және мүгедектер күніне орай “Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкері Г. Кенесова және «Жастар ресурстық орталығы» КММ нұсқаушысы Ж. Айтуғановтың ұйымдастыруымен игілікті шарасқа асырылды.

Ауыл кәсіпкерлері: С. Зейнелов, Г. Таева, Ж. Құсайынова, Ә. Садықов, Қ. Сүлейменов, М. Бейбітов, Е. Шымырбаевтардың демеушілігімен округте тұратын жалғызбасты қариялар мен мүмкіндігі шектеулі балаларға сый-сияпаттар табысталды. Мүмкіндігі шектеулі өрендер ертегілер әлеміне саяхат жасады.

Ауыл жастары жалғызділікті қариялардың ауласын тазалап, қысқы отындарын әзірледі. Қариялар өздеріне көрсеткен қамқорлықтары үшін алғыстарын айтып, баталарын берді.

Өз тілшіміз.

Маман кеңес береді

КОМПЬЮТЕРДІҢ

бала ағзасына тигізетін зияны

Д. ЕГЕМБЕРДИЕВА,
Байзақ аудандық тұтынушылардың
құқықтарын қорғау басқармасының
жетекші маманы.

Біріккен Ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр-ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Адамзаттың қолы жеткен ең үлкен табыстардың бірі-осы ақпарат. Ақпаратты автоматты түрде өңдеуге арналған ақпараттық және бағдарламалық құралдар кешенін компьютер деп атайды.

Компьютердің өмірімізге, кәсіпін енгені соншалықты, адамдар тіпті онсыз өмір сүре алмайтын дәрежеге жетті. Компьютерде мәтін теру, әр түрлі есептер шығару, көлемді мәліметтер сақтаумен қатар, қажетті құрылғылармен және соларға сәйкес бағдарламамен жабдықталған компьютер негізінде шағын кинотеатр жасап алуға болады. Десекте компьютердің адам ағзасына тигізетін зиянын ескере бермейміз. Әсіресе өсіп келе жатқан балаларымызды тыныштандыру үшін ұялы телефонды беріп қою немесе жас сәбилер мазамызды алмасын деп телеарнаны қосып беріп, қалаған мультикті көрсін деушілер қатары күн санап өсіп келеді.

Жалпы бүгінгі күні теледидар мен компьютер, ұялы телефон балалардың айырмалас серігіне айналды. Балалар ойыншықпен емес, компьютердің алдында отырып, кино, мультиктер көріп, ондағы құбылық кейіпкерлерін жатқа білетін болды. Атыс-шабысты, қатыгездік пен жат қылықтарды көрген бала сабақты да естен шығарады. Жарты күн интернетте отырған бала жатарда ұялы телефонды жастанып жатып, түннің бірт мезгіліне дейін құрдастарымен хабар алмасады. Осының бәрі баланың психикасын бұзып, көзінің көру қабілетін нашарлатады. Шамадан тыс компьютер алдында отыру баланың техникаға тәуелді етеді.

Компьютерде көп отыратын балаларды бақылаған кезде жасөспірімдердің даму деңгейінің төмендейтіні, сөздік-қисындық ойлауының нашарлайтыны, назар аудару қабілеті мен сараптамалық қабілетінің әлсірейтіні белгілі болған. Көптеген балалар естіген нәрсесін үлкен қиындықпен түсінеді. Ондай балалар жаңа ғана айтқан нәрсені есінен тез шығарып, тіпті сөйлем құрауға

тіл мәртебесін көтеру, Қазақстанда тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеудің маңызы зор. К. Нұрбаеваның мұрындық болуымен «Мемлекеттік тіл – ел ертеңі» атты ашық сабақта тілге қатысты сұрақтар қойылып, тіл туралы мақал-мәтелдер айтылды. Тұрақты тіркестер бойынша қызықты тапсырмалар орындалды. Ал Ж. Төлеушованың бастамасымен «Тіл – халық мұрасы» атты танымдық ойын сабағында тыңдаушылар екі топқа бөлініп сынаға түсті. 4 кезеңнен тұрған жарыста үміткерлер «Таныстыру», «Кім жылдам?», «Өнер алды-қызыл тіл» және «Дода» аталымдары бойынша бақтарын сынап, топ жарған жұлдегерлер құрметке ие болды.

Қазақ және өзге тілдерге деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін оятудың маңызы құн санап артып келеді. Елбасымыз «Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде. Ана тілі-бәріміздің анамыз, өйткені ол -ұлттымыздың анысы» дегенді, бүгінгі таңда мемлекеттік тіл-Қазақстан халықтарын біріктіретін тіл» екендігін уақыттың өзі көрсетті.

КӘСІПТІ НӘСІПКЕ АЙНАЛДЫРҒАН ШАРУА

М. МАНЕКЕЕВ,
“Ауыл жаңалығы”.

Біздің өңірдің топырағы өнімділігі әрі қунарлылығы жағынан қант қызылшасын өсіруге бейім екендігі белгілі. Пешенемізге бұйырған бақ – қара жердің күдіретін әлі де сезіне алмай келеміз. Шикізатты алыстан арбауға токмейлісіп, қант қызылшасын егуге енжарлық танытудамыз. Салдарынан өзіміз отандық өніммен бар-жоғы 5 пайызды ғана қамтып отырмыз. Қант қызылшасы-тек қант қана емес. Одан кондитерлік, фармацевтикалық өнімдер айырылады, жеңіл өнеркәсіптің тынысын ашады. Қалдығы – бордақылауға қойған малдың қабырғасына сүбе байлайтын құнды азық. Анығын айтқанда, ішкі нарықтың керекін қамтамасыз ететін, өзгеге жалтақтатпайтын, инвестицияны сыртқа шашпайтын өнім қант қызылшасы.

Жуырда Бурыл ауылдық округіндегі «Яшар» шаруа қожалығына басшылық жасап, есепті еңбегімен ел ризығына еңбек етіп жүрген кәсіпкер Яшар Бешли-оглының еңбектегі және бүгінгі күні нағыз науқанға айналған қызылша алқабындағы қазіргі қарқынымен танысу үшін, аталмыш шаруа қожалығының қызылша алқабына атбасын бұрған болатынбыз. Қожалық еңбеккерлері түстік ішуге бет алған сәті екен. Бізді қарсы алған шаруа қожалығының басшысын да еңбек даласында жолықтырдық. Қант қызылшасы алқабын аралап, күтімі мен бабы келіскен балтамырдың әрқайсысының



жетіліп келе жатқан көлеміне қарап сүйсінідік. Жырымдалмаған, не әр жерден тесіліп жараят түспеген бояуы қанық жап-жасыл жапырағының өзі тәтті түбірдің қанттылығы мен сапасының жоғары болатындығын білдіргендей. Өткен жылы қатарынан 50 тоннадан өнім алған шаруа қожалық басшысы үстіміздегі жылы да 25 гектар аумаққа егілген қант қызылшасынан үлкен үміт күтіп отыр.

Француздың «Авантаж» атты тұқымынан егілген танапқа минералды тыңайтқыш себу жұмыстары да жүргізілген. Ағайын-туыс болып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ұжымдаса қарекет етіп жүрген «Яшар» шаруа қожалығында 25 адам жұмыс істейді. Ұжым мүшелерінің өзіндік жер үлестері бар. Қожалық қант қызылшасынан бөлек қосымша көкөністер өсіруді де қолға алып келеді. Яғни, тәтті түбірден өнім алған уақытқа дейін көкөніс дақылдарынан да табыс табуды кәсіп еткен ұжым еңбеккерлері ынтымақтаса тірлік етуде.

Үстіміздегі жылы шаруа қожалық

мүшелері 2 гектарға қызанақ, 1 гектарға қияр, 30 сотыққа баклажан (кәді), 2 гектарға пепер, 10 гектарға жүгері егіп, өздеріне тиесілі 35 гектар суармалы жерді тиімді пайдалануда. Аталмыш өнімдер арысы Астана, Қарағанды, Алматы қалалары мен берісі Тараз қаласындағы сауда орындарына жөнелтілуде екен.

–Мені қазіргі таңда ауыл шаруашылығы жаңа техникалармен және минералды тыңайтқыштармен жеткілікті түрде қамтамасыз етілгеніне қарамастан, кәсіби шеберлігі жоғары мамандары бола тұра қант қызылшасынан диқандарымыз неге жоғары өнім алуға қол жеткізе алмай жүр? – деген ой мазалайды. Оның себебі, тоқырау және өтпелі кезеңде табысқа бастайтын ең негізгі іс-тәжірибені жоғалтып алдық. Оның үстіне, менің ойымша, қант қызылшасын өсіруге бұрынғыдай ынтыла, жігерлі азаматтар бүгінде жоқ. Әйтпесе, қант қызылшасы аса жоғары күтімді талап ететін, бейнети көп дақыл. Басқасын былай қойып, қызылша өскіндерін жекедейін мезгілде диқандарымыз тұқым себуі бастап жатса жоғары өнім туралы қалай айтсаң? Егер барлығын агротехникаға сай атқарсаң жаксы өнім алуға еш нәрсе де кедергі бола алмас еді-дейді, бізбен болған әңгімесінде қожалық басшысы Яшар Бешли-оглы.

Сондай-ақ ұжым басшысы субсидия алу үшін қажетті құжаттарды тапсырғанын, тәтті түбірден жаксы өнім алу үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылып, қолда бар техникалардың жұмылдырылып жатқанын жеткізді.



балаларға төмендегідей зияны бар екендігін дәлелдеді.

Тапқырмай ұзақ уақыт компьютердің алдында отыру, алдымен баланың ой-өрісінің дамуын шектейді. Екіншіден, оның мінез-құлқының өзгеруіне, логикалық ойлау қабілетінің бірте-бірте төмендеуіне әкеліп соғады. Сонымен қатар баланың, ақыл-ойының дамуын тежейді. Компьютердің алдында үзіліссіз жұмыс істеу баланың қан қысымын көтереді, және миопия, (көз жанарының алыстан немесе жақыннан көру қабілетінің төмендеуі) құлақтың есту қабілетін төмендетеді. Әрі баланың ұйқысы бұзылып, асқа тәбеті болмайды. Ал ұйқысы қанбаған баланың зейіні төмендейтіні баршаға аян. Сонымен қатар омыртқаға көп күш түсетіндіктен сколиоз (омыртқа буынының қисаюуы) омыртқа ауруына шалдығуы мүмкін, бұған қоса электрленген сәулелер саусақ ұштарына әсер етіп, қолдың буындарына зақым келтіреді. Сондай-ақ балалар жиі қолданатын құлаққаптың (наушникі) да зияны өте көп. Ол құлақ тамырларының жүйке талшықтарын тітіркендіріп, әлсіретеді.

Жалпы ғаламтордың зиянынан сақтандыру үшін, кез келген ата-ана баласына оны пайдаланудың шарттарын түсіндіруге міндетті. Ұзақ уақыт компьютер алдында отырудың адам ағзасына тигізетін зиянын жан-жақты айтып отырса артық болмас еді.

ҮГІЛІКТІ ІС – КӨНКЕ ҮЛГІ

ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛІП, ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАЛДЫ

А.ҚАЙЫПНАЗАРҚЫЗЫ,
«Ауыл жаңалығы».

Біздің қоғамда қазыналы қариялар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың орны ерекше. Сондықтан да қарттарға – құрмет, мүгедектерге – мейірім ешуақытта азаймақ емес.

І қазан –Халықаралық қарттар күніне және қазан айының екінші аптасы «Мүгедектер күніне» орай Байзақ ауданы әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету құрылымдық бөлімшесінің меңгерушісі Л.Пірімқұлованың ұйытқы болуымен аталмыш мекеменің фойесінде «Алтын күздің сыйы» іс-шарасы өткерілді.

Онда сөз сөйлеген аудандық мәслихаттың депутаты Алмахан Исбаев өткеннің шежірелері-ата-апалардан өнеге алу, оларды қадірлеу жайын сөз етіп, іс-шараның мән-маңызын ауызға алды. ҚР мәдениет қайраткері Алмахан Аруанұлы әннен шашу шашып, үлкен-кішіні бір қуанып тастады.

Өз құттықтау сөзін аудан әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ө.Саққұлова арнады. Әлия Бағысбекқызы алпыстан асқаннан ақыл сұрау, қолдан келсе көмек

көрсету, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі жандарды үнемі назардан тыс қалдырмау жөнінде айтып, баршаны мерейлі мерекемен құттықтаса, игілікті іске демеушілік жасаған ТОО «Феберлик» компаниясының директоры Асима Сабирова жылы лебізін білдірді.



Компания атынан 20 жалғыздікті қарттар мен мүмкіндігі шектеулі балаларға сый-сияпат жасады.

Айтулы шара кең дастархан басында жалғасты. Әлеуметтік сала қызметкерлері «Алтын күз» көрінісін қойып, қолөнер көрмесін көпшілік назарына ұсынды. Әсем ән, тәтті күй жалпы жұртқа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Қамқорлық пен құрметті сезінген ардақты аналар Г.Дүйсебаева, Н.Мардалейшвили

ризашылықтарын айтып, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.

Сонымен қатар, айтулы мереке қарсаңында ауданымызға қарасты ауылдық округтерде барлығы 84 жалғыздікті қарттарға 204 мың теңгенің азық-түлік салынған қорашалары таратылып, үй шаруасына көмектесу, қыстық отындарын даярлау, аулаларына тазалық жұмыстарын жүргізу жағынан көмек көрсетілді.

* * *

«Ақылдың кені-ақсақалдарды ардақтау парызымыз». Осылай деп ұрандатқан аудандағы білім ошақтарының «Жас Отан», «Мирас» ұйымдары

қарттардың отбасыларына қолғабыстарын тигізіп, ауласына тазалық жұмыстарын жүргізді.

Түймекент орта мектебінің тәлімгерлері А.Балабаева мен А.Сырлыбаеваның ұйытқы болуымен «Жасұлан» ұйымының оқушылары ауыл ақсақалы Б.Төлөндінің шаңырағында болып, мерекемен құттықтады. «Жасұландықтар» қарияның үй тіршілігіне қолғабыстарын жасап, ақсақалдың батасын алды.

Б Ж З Қ Т У Р А П Ы 5 С А У А П

Газеттердің редакцияларына, www.sprf.kz сайтына, әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ парақшаларына, Қордың байланыс орталығына зейнетақы жинақтары мен жалпы зейнетақы жүйесі туралы көбірек білгісі келетіндерден сауалдар келіп түседі. Олардың ішіндегі ең көп қойылатын сауалдарға жауапты «БЖЗҚ туралы 5 сауал» айдарынан оқи аласыздар.

1. БЖЗҚ-дағы салымшылардың жалпы саны және зейнетақы жинақтарының сомасы бүгінде қандай?

2016 жылғы 1 тамызда шарттардың барлық түрі бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны 10,15 млн. бірліктен асты, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен жасалғаны шамамен 9,7 млн. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылар саны – 405 713 бірлік, ал ерікті зейнетақы жарналары бойынша 39 мыңнан астам бірлік. Зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 6,35 трлн. теңгеден асты.

2. Аннуитет шарттар дегеніміз не?

Қолданыстағы заңнама аясында «БЖЗҚ» АҚ-дан (БЖЗҚ) зейнетақы төлемдерін «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңында (Заң) көзделген белгілі бір жағдайлар орын алған кезде алуға болады. Ең алдымен, зейнетақы төлемдерін алу құқығы БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және зейнет жасына толған тұлғаларға беріледі.

Сонымен қатар мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленетін болса, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер зейнетақы төлемдерін алуға құқылы.

Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасау арқылы белгіленген зейнет жасынан бұрын зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар тұлғаларды бөлек атап көрсетуге болады. Зейнетақы аннуитеті шарты – сақтандыру шарты, оған сәйкес сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарының сомасын беруге міндеттенеді, ал сақтандыру ұйымы сақтанушының (зейнетақы төлемдерін алушының) пайдасына өмір бойы немесе белгілі бір уақыт кезеңінде сақтандыру төлемдерін жасауға міндеттенеді.

Заңның 31-бабының ережелеріне сәйкес зейнетақы мөлшерінен кем емес төлемді қамтамасыз етуге зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде міндетті зейнетақы төлемдері есебінен зейнетақы төлемдерін алуға:

55 жасқа толған ерлер;

50 жасқа толған әйелдер (2016 жылғы 1 наурыздан бастап);

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап - 50,5 жасқа толған әйелдер;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 51 жасқа толған әйелдер;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 51,5 жасқа толған әйелдер;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 52 жасқа толған әйелдер;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 52,5 жасқа толған әйелдер;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 53 жасқа толған әйелдер;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 53,5 жасқа толған әйелдер;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 54 жасқа толған әйелдер;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 54,5 жасқа толған әйелдер;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап - 55 жасқа толған әйелдер құқылы.

Зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шартының талаптарымен анықталады, зейнетақы жинақтарын аудару туралы шешім қабылдай отырып, шартпен өте мұқият танысу қажет.

3. Шартты-жинақтаушы құрамдауыш дегеніміз не? Оның зейнетақыға әсері қандай?

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыстағы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне өзгерістер, яғни шартты-жинақтаушы құрамдауыш немесе жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) енгізіледі.

Ол үшін БЖЗҚ-да әрбір қызметкерге шартты зейнетақы шоттары ашылатын болады, қызметкердің атына жұмыс беруші өз қаражаты есебінен қызметкердің айлық табысынан 5% мөлшерінде ЖМЗЖ аударатын болады. Жаңа ЖМЗЖ артықшылығы – жұмыс беруші жарна салып отырған зейнеткер бұл құрамдауыштан зейнетақыны өмір бойына, тіптен шартты зейнетақы шотындағы қаражат таусылған қалса да алады (жинап келгенде кемінде 60 күнтізбелік ай ЖМЗЖ аударылған жағдайда).

4. Салымшы қайтыс болған жағдайда, зейнетақы жинақтары кімге, қалай және қандай көлемде мұраға қалдырылады?

Міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы жинақтарын заңнамада белгіленген тәртіппен өсиетхат бойынша да, заң бойынша да мұраға алуға болады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің ережелеріне сай мұрагерлер заң бойынша кезектілік тәртібімен мұрагерлікке шақырылады. Заң бойынша мұрагер болу құқығын бірінші

кезекте мұра қалдырушының балалары, сондай-ақ оның жұбайы (зайыбы) мен ата-анасы тең үлеспен алады. Бірінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын екінші кезекте мұра қалдырушының бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек ата-інділері мен апақарындастары (сіңлілері), сондай-ақ оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да атасы мен әжесі тең үлеспен алады. Егер бірінші және екінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын үшінші кезекте мұра қалдырушының әкесімен бірге туған ағалары мен апалары, нағашы ағалары мен нағашы апалары тең үлеспен алады. Егер бірінші, екінші және үшінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын мұра қалдырушының алдыңғы кезектегі мұрагерлеріне жатпайтын үшінші, төртінші және бесінші туыстық дәрежесіндегі туыстары алады.

Заңнамада белгіленген тәртіппен мұрагерлік құқық ресімделген және зейнетақы жинақтарын төлеуге қажет құжаттар БЖЗҚ-ға берілген соң зейнетақы жинақтары мұрагерлерге зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініште көрсетілген банк шотына аударылады.

5. Қазақстан аумағындағы шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтініш беріп, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасай ала ма?

Заңның 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар, егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей зейнетақымен қамсыздандырылу құқығын пайдаланады.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар жеке басты куәландыратын құжатты (шетелдіктер үшін тұруға ықтиярхат, азаматтығы жоқ тұлғалар үшін азаматтығы жоқ тұлғаның көзілігі) болған кезде Қордың кез келген бөлімшесіне міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтінішпен бара алады. Сол жерде ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасауға болады.

МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУ
акциясы жалғасуда

2015 жылдың 13-ші қарашасында Елбасы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлкі жария етуіне байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды. Осыған орай, аталған рәсімдерге жаңа тәсілдер қолдану тәртібі айқындалды және мүлкі жария ету рәсімі мәнді түрде оңайлатылды.

Енді ақшаны екі әдіс арқылы заңдастыруға болады. Біріншісі, банктегі шотта көрсетуге және өзіңіз үшін кез келген мұқтаждықтарына пайдалануға болады, мысалы бизнеске салуға, жылжымайтын мүлік сатып алуға немесе жай шоттан алуға. Осы бар жасалған әрекеттерден 10 пайыз алым төленбейді.

Екіншісі, банк шотында көрсетпей-ақ, Қазақстан аумағындағы немесе шетелдегі ақша айналымын арнайы декларацияда көрсету арқылы. Ол кезде ақша айналымының 10 пайызы алым ретінде төленеді.

Сонымен бірге, Қазақстан аумағында орналасқан және құжаттары дұрыс ресімделген жағдайда мүлкі заңдастыру үшін тек Мемлекеттік кірістер органдарына тиісті декларацияны тапсыру арқылы да жүзеге асыруға болады. Осы ереже мүлік шет мемлекетте орналасқан жағдайда да қолдануға болады.

Аталған Заңда халық осы акцияға белсенді қатысу үшін қолайлы және тартымды жағдайлар қарастырылған. Осыған байланысты, барлық Байзақ ауданының тұрғындарын осы мүмкіндікті пайдалана отырып, мүліктері мен қаржыларын жария етуге шақырамыз!

Сол сияқты Байзақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы «Мүлкі жария ету және декларациясын табыс ету» бойынша әр аптаның бейсенбісі күндері «Ашық есік» жүргізілетінін хабарлаймыз. Осыған байланысты, көкейіңізде туындап жатқан сұрақтарыңыз болса, Байзақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының өндірістік емес төлемдерді әкімшілендіру бөліміне (№ 7 кабинетке) келіп сұрауларыңызға болады.

Байзақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының өндірістік емес төлемдерді әкімшілендіру бөлімі.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Бүгінде білім беру саласында үздіксіз 42 жыл табысты еңбек еткен ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан танымал азамат **Бекбауов Асқар Смайұлұлы** зейнет жасына толып отыр.

Асқар Смайұлұлы 1953 жылы 26 тамызда ауданымызға қарасты Байзақ ауылында туған. 1974 жылы Жамбыл педагогикалық институтының математика факультетін бітірген. 1976 жылғы облыстық спорт мектебінің түлегі, бокстан спорт шебері.

1974-1976 жылдары Байзақ ауданы М.Маметова атындағы мектепте математика пәнінің мұғалімі, 1976-2002 жылдары спорт мектебінде жаттықтырушы болып еңбек еткен. 16 жыл осы спорт мектебінің директоры болып қызмет атқарды. Арасындағы шәкірттері жастар Арастында өткізілген Қазақстан біріншіліктерінде жүлделі орындарға ие болды.

А.Бекбауов 2004-2007 жылдары С.Абланов атындағы орта мектеп директоры, 2007-2010 жылдары аудан әкімдігі білім бөлімінің басшысы, 2010-2011 жылдары спорт бөлімінің басшысы қызметтерін абыроймен атқарды. 2011 жылы мамыр айынан 2016 жылғы 1 қыркүйекке дейін Н.Қиқбаев атындағы орта мектептің директоры болып қызмет етті.

2011-2016 жылдары ол басқарған мектеп-жұмыс жоғары жетістіктермен көрінді. Осы жылдары 24 оқушы «Алтын белгімен», 7 оқушы ерекше аттестатпен мектеп бітірді. 2015 жыл қорытындысында мектеп облыстағы 10 үздік ауыл мектебі қатарына қосылды.

Н.Қиқбаев атындағы орта мектеп-жұмыс.
Т-324-09-94.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Т-325-09-94. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Мәдімар болыс көшесі №21/2 үйдің тұрғыны болған **Қалжанов Онгарбайдың** 2016 жылдың 6 тамызы күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, 3 бұрылыс, Орынқұлов көшесі №92 үйде орналасқан нотариалдық кенсе қызметкері А.Асырауоваға жолығулары керек.

* * *

Т-326-09-94. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Бұрыл ауылы, Мира көшесі №72 үйдің тұрғыны болған **Масенқұлов Дүзінхан**ның 2016 жылдың 20 маусымы күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, 3 бұрылыс, Орынқұлов көшесі №92 үйде орналасқан нотариалдық кенсе қызметкері А.Асырауоваға жолығулары керек.

* * *

Т-327-09-94. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Дихан-2 ауылы, 9 Май көшесі №79 үйдің тұрғыны болған **Жарылқасынова Қуамискул Абдраимовнаның** 2014 жылдың 10 сәуіріне күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, 3 бұрылыс, Орынқұлов көшесі №92 үйде орналасқан нотариалдық кенсе қызметкері А.Асырауоваға жолығулары керек.

ДИРЕКТОР Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ

Редактордың уақытша міндетін атқарушы
Г. ЕРМУРАТОВА

Кезекші А.Шотбасова

Меншік иесі-
«Байзақ аудандық «Ауыл жаңалығы»-
«Сельская новь» газетінің редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы байланыс және ақпарат агенттігі (11.06.2014 ж.) тіркеліп, № 14388-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютерлік көзқарасы мен оқырман хаттарына жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырудың мәтініне жарнама беруші жауапты.
Таралымы 3460 дана.
Тапсырыс №87

Газет аптасына екі рет, сәрсенбі, сенбі күндері шығады.
Редакция авторлардың көзқарасы мен оқырман хаттарына жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырудың мәтініне жарнама беруші жауапты.

© - материалдың жариялану ақысы төленген.

Мекен-жайымыз:

Индекс 080100.

Жамбыл облысы,

Байзақ ауданы,

Сарыкемер ауылы,

М.Х.Дулати көшесі,

10 «а» үй.

Директор-Бас редактор: 2-28-60.

Хаттар бөлімі, тілшілер: 2-12-37.

Есеп бөлімі, жауапты хатшы: 2-15-70.

Газет сайты: www.auil-zhanaligi.kz

Эл.почта: ayil@zhanal.ru

